

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Кітапхана – оқу-тәрбие процесін әдеби-ақпараттық камтамасыз ететін мектептің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Кітапхананың жұмысы мектептің дамуының негізгі бағыттарымен ұштасады.

2023-2024 оқу жылы

Оқу жылының басында мектеп кітапханасына оқулықтары жаңа кітаптар келді. Жалпы 1-9-сыныптар түгел оқулықтармен 100% камтылды.

2023-2024 оқу жылы бойынша статистикалық есеп:

к/с	Көрсеткіштер	Саны
1	Мектеп кітапханасының саны	1
2	Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиетті, кітапшаларды, журналдарды қосқанда)	14412
3	Оның ішінде мектеп оқулықтар саны	13363
4	Көркем әдебиеттер саны	1256
5	Оқырмандар саны	480
6	Кітапханаға оқырмандардың келу саны	2785
7	Кітап беру саны	4893
8	Кітапханашылар саны	1
9	Оқу залының саны	1
10	Оқу залында отыратын орын саны	16
11	Кітапхана ауданы /шаршы метр/	101,42

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, балалардың бос уақытын бірге өткізу, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру. Кітаптың құдіретін таныту. Сонымен бірге кітап қорын толықтыру, оқу мәдениетін қолдау, тарихи-мәдени және рухани мұрамызды сақтау, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалана отырып, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой-өрісін дамыту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Күш білімде,білім кітапта» кітап оқу байқауын мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдерімен өткізілді. «Оқы, ойлан,ой түй» аудандық жобаны жүзеге асыруда кітапхана қорындағы ең таңдаулы әдебиеттер оқырмандарға ұсынылып, Мұғалімдер арасында «Оқы,ойлан ой түй» атты сайыс өткізілді.«Ертегілер әлеміне саяхат» бастауыш 1-4-сынып оқушыларымен ертегі мен кітап оқу сағаттары, 2-9 сыныптар қазан айының 10-20 аралығында Республика күніне орай «Республикам менің» челленджі, Мұхтар Әуезовтың 126жылдығына кітап көрмесі, 5-6-сыныптар әңгімелерін оқыды. «Кітаппен тілдесу-зияткерлікті дамыту көзі» атты көшбасшы зияткерлік интеллектуалдық ойыны ұйымдастырылып, 8-9-сынып оқушылары қатысты. 1-7 қараша аралығында «Күзде кітап оқимыз жалықпаймыз» марафоны ұйымдастырылып, оқушылар белсенділікпен қатысты және сертификаттар алып, дипломдармен марапатталды. Оралхан Бөкейхан 80 жылдығына кітап көрмесі, «Бір ел –бір кітап» акциясы бойынша кітап көрмесі жасақталды. «Абонемент және оқу залы» 1-сынып, «Оқулықты сақтайық» 4-сынып, «Білім күші-кітапта» кітап

құрылымы бойынша 2-3-сынып оқушыларымен кітапханалық сабақ өтілді. «Желтоқсан –желі ызғарлы» кітап көрмесі «Аты аңыз, сөзі асыл» Төле бабаның туылғанына 360 жыл кітап көрмесі, «Дала данышпандары» атты аудандық жарысқа толғаулары мен нақыл сөздерін насихаттауда 7-8-сынып оқушылары қатысты. Аудандық «BOOK LOVERS» кітапқұмарлар жобасына 7-9-сынып оқушылары қатысуда. Әйгілі партизан жазушы Қасым Қайсеновтың туылғанына 105 жыл кітап көрмесі, «Жау тылындағы бала» 5-6-7 сынып оқушылармен оқырман конференциясы өтілді. Аудандық балалар кітапханасына «Мен оқыған бір кітап» атты іс-шараға 9-сынып оқушылары қатысып, мақтау қағаздарымен марапатталды. Мен ұнатқан мамандықты таңдаймын кітап көрмесі өткізілді.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44, 2022 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына сәйкес бастауыш, негізгі орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі – 100%.

Мектеп директоры: **К.Алтаева**



Кітапханашы: А. Каракулова

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Кітапхана – оқу-тәрбие процесін әдеби-ақпараттық қамтамасыз ететін мектептің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Кітапхананың жұмысы мектептің дамуының негізгі бағыттарымен ұштасады.

2024-2025 оқу жылы

Оқу жылының басында мектеп кітапханасына оқулықтары жаңа кітаптар келді. Жаһандық құзыреттілік оқулығы 5-9 сыныптар арасында оқулықтар келді. Сұраныс бойынша 3 сыныпқа орыс тілі, жаратылыстану, бейнелеу, еңбекке баулу, ағылшын тілі жаңадан оқулықтар келді. Жалпы 1-9-сыныптар түгел оқулықтармен 100% қамтылды.

2024-2025 оқу жылы бойынша статистикалық есеп:

к/с	Көрсеткіштер	Саны
1	Мектеп кітапханасының саны	1
2	Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиетті, кітапшаларды, журналдарды қосқанда)	14619
3	Оның ішінде мектеп оқулықтар саны	13363
4	Көркем әдебиеттер саны	1256
5	Оқырмандар саны	480
6	Кітапханаға оқырмандардың келу саны	2785
7	Кітап беру саны	4893
8	Кітапханашылар саны	1
9	Оқу залының саны	1
10	Оқу залында отыратын орын саны	16
11	Кітапхана ауданы /шаршы метр/	101,42

Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылатын жұмыстар:

Кітапхана оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Оқушыларды әдеби кітап оқуға насихаттау арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Рухани байлығымыз кітапты қастерлеуге, қадірлеуге жаппай кітап оқуға шақыру. «Кітап-білім бұлағы» Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету. 5-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тіл-достықтың алтын көпірі» Оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы айту, ана тілін үйрету; Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақпаевқа – 100жыл Бердібек Соқпақпаевтың өмірі мен кітаптарынан мағлұмат беру кітап көрмеесі. «Менің сүйікті кітабым» Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. «Оқуға құштар мектеп» жобасы Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығы Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылы туралы мағлұмат беру Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әбдіжәміл Нұрпейісовтың 100 жылдығына орай "Қан мен тер" трилогиясы, "Соңғы парыз" Дилогиясы әңгімелеп беру XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері - Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллиннің туғанына - 130 жыл библиографиялық шолу Ақынның шығармаларын, оның қызметі мен

шығармашылығы жайындағы әдебиеттерді тауып оқуға, қазақ әдебиетінің озық туындыларын насихаттау. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына Ертегілер еліне саяхат

оқушыларды ертегі оқуға баулу арқылы олардың ой өрісінің кеңуіне ықпал ету, княлдау мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту. «Мен оқимын, сенде оқы»

Оқырмандардың өзара кітап алмасуы. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды? Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру. Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы күні (1993)

Ұлттық валютаның тарихы, жетістіктері мен ерекшеліктерін түсіндіру. 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік тұғырым» атты кітап көрмесі. Оқушылаға Тәуелсіздік – Желтоқсанның жемісі, Тәуелсіздік жолындағы күрестерді ғасырлар қойнауына жалғасып келе жатқан ұлы тарихтың бір белгісі екендігін түсіндіру. Ұлы Дала тарихынан бастап, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау.

. Мұхамеджан Тынышбаевтың туғанына – 145 жыл

Ойшыл, зиялы, ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу. Алашорда қозғалысын құрушылардың бірі екенін түсіндіру. «Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл» балаларды зиянды әдеттерден сақтандыру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағыттау. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында "Қазақ әдебиеті" газетіне - 90 жыл. " Газеттің тұңғыш редакторы – Ғабит Мүсірепов, жауапты хатшысы – Мұхамеджан Қаратаев. Редколлегияға Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ілияс Қабылов, Әйтеке Мусин, Ғабит Мүсірепов және Мұхамеджан Қаратаев мүше болды. оны бағалай білуге ұғындыру. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге дағдыландыру, ақын өлеңдерін, поэзиясын сүйе білуге үйрету. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «20-минуттық кітап оқу Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Кітап оқуға, соның ішінде көркем әдебиеттерді оқуға қызығушылықтарына арттыру, кітап оқуға сүйіспеншілікпен қарап, алдағы уақыттарда да, оқып жүруге ынталарын қалыптастыру. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап»

«Шалқан» ертегісіне көрініс. «Отты жылдар жаңғырығы» Ауған ардагерлеріне арналады.

Жеңістің маңызын түсіндіру арқылы Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне, патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, өз елінің тарихына қызығушылығын арттыру. «Оқуға құштар жобасы» бойынша «Әжемнің ертегілері»

«Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында бастауыш сынып оқушыларына берілген әдебиеттердің оқылуын бақылау мақсатында «Әжемнің ертегілері» кешін ұйымдастыру

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың қара сөзі- тәрбие көзі»

Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жиырма тоғызыншы қара сөзінің мазмұнын меңгерту. 1 сәуір Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы, 100 жыл

композитор, дирижер, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Қазақстанның халық қаһарманы, туралы оқырмандарға мәлімет беру. 2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күні «Кітапхана-күн шуағы білімнің» балалар мен ата-аналармен бірге дөңгелек үстел. «Ғарышқа ізін салған қыран қазақ» Токтар Әубәкіров туралы мәліметтер. Мұқанов Сәбит Мұқанұлы, туғанына 125 жыл қазақтың әйгілі жазушысы, ақын, «Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында Александр Затаевичтің 155 жылдық мерейтойы. Қазақ халық музыкасын зерделеп, қағазға түсіріп, ұлттық ән өнеріміздің басын құраған этнограф Александр Затаевичтің өмірі, шығармашылығымен таныстыру. «Мен әлемді кітаппен бірге ашамын» Жазғы демалысты тиімді өткізу үшін оқушыларды кітап оқуға шақыру.

Мектеп директоры:



К.Алтаева

Кітапханашы: А. Каракулова